

Шерхан Мұртаза «Қызыл жебе» романы

Орындаған: Турсынбек Шынар ҚТМӘ-302

Ақтөбе, 2018 жыл



Шерхан Мұртаза

1932 жылы туған, Жамбыл облысы Жуалы ауданы Талапты ауылында. Жазушы, қоғам қайраткері, ҚР-ның еңбек сіңірген мәдениет қызметкері, Қазақстанның халық жазушысы

Тұңғыш кітабы —
“Құрылысшы Дәку”

1999 жылы-«Құрмет белгісі», «Отан» ордендерімен марапатталған;
1978 жылы-«Қара алқа» романы үшін ҚазКСР Мемлекеттік сыйлығының;
2000 жылы-Қазақстандық Лениндік Коммунистік Жастар Одағы, Жалпыодақтық Лениндік Коммунистік Жастар Одағы, «Тарлан» тәуелсіз сыйлықтарының лауреаты.

1955 жылы Қазақ мемлекет көркем әдебиет баспасында;
1956-60 жылдары “Лениншіл жас” (қазіргі “Жас алаш”);
1960 -63 жылдары “Социалистік Қазақстан” (қазіргі “Егемен Қазақстан”) газеттерінде тілші, әдеби қызметкер, редактор;
1970-72 жылдары “Жазушы” баспасы жанындағы Балалар мен жастар әдебиеті бас редакциясының және “Жалын” альманахының бас редакторы;
1972 -75 жылдары “Жұлдыз” журналының бас редакторы;
1975 - 80 жылдары Қазақстан Жазушылар одағы басқармасының 2-хатшысы;
1980 - 89 жылдары “Қазақ әдебиеті” газетінің бас редакторы;
1989 - 92 жылдары “Егемен Қазақстан” газетінің бас редакторы;
1989 жылдан-«Егемен Қазақстан» республикалық газетінің редакторы. «Қазақстан» мемлекеттік телерадиокомпаниясының төрағасы;
1990 жылдан - Ұлттық саясат, мәдениет және тілді дамыту жөніндегі комитет мүшесі;
1994 жылдан - Мәдениет, баспа, бұқаралық ақпарат құралдары, қоғамдық бірлестіктер жөніндегі комитет мүшесі, Мәдениет, баспа, бұқаралық ақпарат құралдары, қоғамдық бірлестіктер жөніндегі комитеттің мәдениет, әдебиет және өнер бөлімдік комитетінің төрағасы;
1990-1993 жылдары ҚазКСР Халық депутаты, 1990-1993 - ҚР Жоғарғы Кеңесінің депутаты;
1992 - 94 жылы “Қазақстан” мемлекет телерадио компаниясының төрағасы қызметтерін атқарды;
1995 жылдан - шығармашылық жұмыспен айналысуда.

Қызыл жебе романы

Бұл роман-трилогия Қазақстанда Кеңес үкіметін орнатуға белсене ат салысқан аса ірі қоғам қайраткері Тұрар Рысқұловтың өмірі мен туған ортасын, революциялық қызметін көрсетуге арналған.

Қазақ әдебиетінде Тұрар бейнесін жасау жолында алғаш қалам тартқан Мұхтар Әуезов еді. Тұрар Рысқұловтың көзі тірісінде-ақ жазылған «Қараш-қараш оқиғасы» повесі жұртшылықтан жоғары баға алған болатын. Оны оқыған Т. Рысқұловтың ағыл-тегіл егіліп жылағанын жазушы Шерхан Мұртаза өз кітабында шебер суреттейді.

Шындығында, оқырман қауым Т.Рысқұлов жайлы біраз жағдайларға қанық болғанымен, оның өмір жолын түгел қамтитын, ұлт мақтанышы бейнесін жоғарыдан көретін туынды әлі дүниеге келе қоймаған еді. Сол кезеңде зиялысынан адасып қалған ұрпақты ардақтысымен қауыштыра Шерхан Мұртазаның «Қызыл жебе» романы әдебиет әлемінің есігін ашты.

- 1. романның бірінші томы Тұрардың әкесі Рысқұлға арналған. Рысқұл болмаса, Тұрардай қайраткер, күрескер ұл тумайды, сондықтан әкенің рөлі айрықша дәріптелген.**
- 2. романның екінші кітабы Тұрар бейнесіне арналған, оның өсу, азамат болу, қайраткерге айналу жолдары берілген.**

Шығарма кейіпкерлері

Рысқұл – бірінші кітаптың басты кейіпкері. Жазушы үшін ол сүйікті образ. «Менің жүрегімде түк бар. Бірақ сол түкке қырау тұрып қалған. Пендеге пенде болып жүргенімде ол қырау ерімейді», бұл – Рысқұлдың қылмыскер ретінде вице-губернатордың алдында қасқайып отырып жауап берген сөзі. Тұрардың әкесі аюмен алысқан, небір қияметтен аман өткен нағыз ер ретінде суреттеледі.

Тұрар – екінші кітаптың басты кейіпкері.

Дауылбай – болыс. Рысқұлдың туған ағасы Бердіқұлды жер мен суға таласып жазықсыз өлтірген, ұрдажық, шаш ал десе бас алатын сойыл соғар шабармандары көп Дауылбай болыс, түбі бір туыс, шежіре тарқатса, Шымыр, соның ішінде Сәлік атасынан тарайды. Дауылбай болыс Рысқұлдың батыр бабасы, Қоқан ханы Шерәлімен қанды шайқаста қаза болған, Байзақтың қол астында жүзбасы болған Әлібектен қалған күміс ер-тоқымды оязға беріп, жағынып қалғысы келеді.

Ізбайша – Рысқұлдың әйелі, «Етегінен ұстап жүрсем Барсакелмеске кетуге де разымын» деп ерінің артынан кетуге дайын.

Саймасай – бай. Саймасай мен Рысқұл арасындағы ымырасыздық, дау-жанжал ұзақ уақыт жалғасып, әбден ушығады. Саймасай – Қызыл жебедей жүйрікке ие бола алмасын білгенде, қызғаныштан жаман әрекетке барады. Рысқұлға ұрлатып алып, жүйрікті дереу бауыздатып жібереді.

Қызыл жебе – киелі жануар.

Тұрар Рысқұловтың халқына жасаған еңбегі қандай өлшеусіз болса, Шерхан Мұртазаның да оны «тірілтудегі» еңбегі сондай зор. Зерделі жазушының зейінді ізденісіндегі азаматтық пафос пен көркемдік ойының терең бірлігінен өмірге келген «Қызыл жебе» роман-эпопеясы тәуелсіздігіміздің баянды болуына қызмет ететін шығарма.

